Куандыкова Эльвира Серікбайқызының «Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші заң ғылымдарының докторы, профессор Д.Л. Байдельдиновтың берген

ПІКІРІ

«Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері» атты Куандыкова Эльвира Серікбайқызының диссертациялық жұмысы қазіргі кезеңдегі заң саласындағы өте өзекті тақырыптардың біріне арналып жазылған. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші негізгі мемлекеттердің бірі болғандықтан, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыру үшін бұл саладағы мемлекеттік басқарудың құқықтық тетігін одан әрі жетілдіре түсу қажет. Сондықтан да, ауыл шаруашылық саласын басқарудың құқықтық тетіктерін жетілдіре отыра. біз еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасаймыз.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында әлем елдерінің тәжірибесіне арқа сүйей отыра, жалпы мемлекеттік басқару саласындағы, оның ішінде ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімді моделін қалыптастыру бағытында қыруар жұмыстар атқарылуда. Бұл айтылған жағдайлардың барлығы. біз сөз етіп отырған ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін ғылыми тұрғыда зерделеп, айқындап, оның тиімді жолдарын көрсетудің қажеттілігін аңғартады. Айтылған жағдайлардың барлығы ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың бүгінгі күн тәртібінен туындап, отырғандығын білдіреді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың өзекті екендігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс, негізінен тақырыптың мәнін ашуға мүмкіндік беретін өзекті мәселелерді шешуге жұмылдырылған үлкен үш бөлімнен тұрады. Жұмыстың бірінші бөлімінде, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі теориялық мәселелері қарастырылады. бұл бөлімде: ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың кейбір теориялық мәселелері, Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқаруға қатысты заңнаманың қалыптасуы мен дамуы, қазіргі кезеңдегі құқықтағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды реттейтін нормалардың орны жалпы сипаттамасы ашылып талданады.

Ал, жұмыстың екінші бөлімінде, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі және олардың қызметі сөз болады. Онда, ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы мемлекеттік басқару органдары, ауыл шаруашылығы саласындағы арнайы

мемлекеттік басқару органдары, аыл шаруашылығы саласындағы фунционалдық мемлекетті басқару органдары көрсетіледі.

Жұмыстың үшінші бөлімі, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің негізгі мәселелері және шетелдік тәжірибесіне арналған. Бұл бөлімде, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің мәселелері; шет елдердің ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері; ауыл шаруашылығы саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметінің құқықтық негіздері; ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялауды құқықтық реттеу мәселелері кеңінен талдауға түседі.

Диссертациялық жұмыс қазақ тілінде өте жатық және көпшілікке түсінікті түрде жазылған. Диссертациялық жұмысты жазу барысында, диссертант жалпы ғылыми әдістер мен жеке ғылыми әдістерді үйлесімді, ұтымды пайдалана отырып, негізді ғылыми нәтижеге қол жеткізген. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста тақырыпқа қатысты отандық ғалымдардың және шетелдік ғалымдардың еңбегі сарпа пайдаланылған. Бұл жұмыстың талапқа сәйкестігін және құндылығын көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың жоспары тақырыпты толық ашуға мүмкіндік беретін, қисынды деңгейде құрастырылған. Диссертанттың алдына қойған мақсатын шешуге бағытталған міндеттері де бірінен-бірі өрбіп, логикалық бірізділікпен таралып отырады.

Сөз соңында айтарым, «Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері» атты тақырыптағы философия докторы (PhD), дәрежесін алу үшін дайындалған Куандыкова Эльвира Серікбайқызының диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және ашық қорғауға шығаруға толық тұратын зерттеу жұмысы болып табылады.

Ғылыми кеңесші
ҰЗА-ның академигі,
заң ғылымдарының докторы,
профессор **Д.Л. Байдельдинов**

ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби